

**Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің  
арасында «Балаларға берілген жүрек» тақырыбында  
Республикалық педагогикалық олимпиадасын  
қашықтықтан өткізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында қашықтықтан өтетін «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиаданың (бұдан әрі – Педагогикалық олимпиада) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын жетілдіру және қолдау көрсету.

Міндеттері:

еліміздегі балалардың демалыс лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтардың арасында тәжірибе алмасу және оқып үйрену алаңын құру;

тәлімгерлер, педагогикалық оқу орындарының студенттері, сондай-ақ мектеп педагогтерден құрылған топтардың ең тиімді түрі ретінде құндылық жүйесіне ие болған Қазақстандағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын насихаттау;

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарасты құру;

сауықтыру лагерьлердің жағдайында балалар мен жасөспірімдердің әр түрлі қызметтегі тәжірибелік дағды мен біліктерін қалыптастыру арқылы педагогикалық жасақтардағы бұқаралық тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру түрін жетілдіру;

педагогикалық жасақтармен, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабағын, шеберлік-сыныбын, шығармашылық тәжірибе, тренингтер өткізу арқылы педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық қабілеттерін кәсібилікпен байланыстыруды дамыту;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

3. Педагогикалық олимпиаданы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

**2. Педагогикалық олимпиаданы өткізу мерзімі және тәртібі**

4. Педагогикалық олимпиада **II** айналым бойынша өтеді:

**I айналым** – қашықтықтан (сырттай): 2014 жылғы 20 қаңтар- 20 ақпан аралығында балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.kz](http://www.ziyatker.kz) сайтында өткізіледі.

**II айналым** – ақтық (тікелей қатысу): педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған республикалық слеттің

аясында 2014 жылғы 12-15 наурызда Щучье қаласы, РОСО «Балдаурен» РМҚК базасында өткізіледі.

Ақтық кезеңге қатысу үшін педагогикалық олимпиаданың I айналымының жеңімпаздары мен Қазақстан Республикасындағы педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары шақырылады.

Щучье қаласына келу күні – 2014 жылғы 12 наурыз, кері қайту күні – 15 наурыз.

Слеттің салтанатты түрде ашылуы – 2014 жылғы 13 наурыз, жабылу салтанаты – 2014 жылғы 15 наурыз. Педагогикалық жасақтардың қызметі туралы республикалық көрме («Тәлімгерлік жаз») қатысушылар келген күні безендіріледі.

Слеттің бағдарламасында: салтанатты ашылуы, педагогикалық жасақтардың тұсаукесері, шығармашылық шеберханалар, шебер-сыныптар, байқаулар, дөңгелек үстел, ойын батлдары, тәжірибелік сабақтарын өткізу, тренингтер және мәдени бағдарлама қарастырылған.

5. Педагогикалық олимпиадаға ұсынылған материалдар олимпиаданың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

6. Педагогикалық олимпиаданың I турына қатысатын жұмыстар ережеге сәйкес 2014 жылғы 20 ақпанға дейін қабылданады. Облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары бастықтары мен ЖОО-ның басшыларының қолы қойылған өтінімдер, ақтық кезеңге қатысушылардың тізімі факспен немесе электрондық поштамен (сканерден өткізіп) 2014 жылғы 28 ақпанға дейін мына мекен-жайға жіберіледі: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, факс: 8(7172) 44-53-38, 44-53-42, электрондық пошта: [albansalta@mail.ru](mailto:albansalta@mail.ru)

7. Педагогикалық олимпиаданың ақтық кезеңіне келген күні делегация жетекшісі ұйымдастыру комитетіне төмендегі құжаттарды тапсырады:

- слетке қатысу туралы өтінімнің түпнұсқасы (1-қосымша);
- слетке жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі;
- куәліктің көшірмесі;
- әр қатысушыға медициналық анықтама;
- іс-сапар куәлігі.

8. 2014 жылғы 20 ақпаннан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін I айналымның байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Педагогикалық олимпиадаға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, оған рецензия берілмейді.

10. Педагогикалық олимпиада материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастырушылары қатысушылардың авторлық құқықтарын сақтай отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. **Педагогикалық олимпиаданың I айналымына қатысу үшін 1 500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.** Төлемақыны жүргізу:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. Алушының Банкі: БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы, Иик KZ91856000005068448, БИК КСJBKZKX, БИН 990140004733, Кбе 16. Төлемақының аталуы: «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында педагогикалық олимпиадаға қатысу үшін төлемақы. Олимпиада қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы түбіртегін сканерден өткізіп электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

**Төлемақының жұмсалуды:**

- I айналымның қатысушыларына онлайн-сертификаттар;
- жеңімпаздарға дипломдар;
- жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар.

13. Педагогикалық олимпиаданың I айналымның қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі - 2014 жылғы 28 ақпан.

Педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған республикалық слетте педагогикалық олимпиаданың II айналымның қорытындысын шығарылып, жеңімпаздары анықталады.

**3. Педагогикалық олимпиадаға қатысушылар және қойылатын талаптар**

14. Педагогикалық олимпиадаға Қазақстан Республикасындағы педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары қатысады.

15. I айналымға қатысу үшін әрбір қатысушы «Балаларға берілген жүрек» тақырыбында ЭССЕ жазуы қажет (эссе көлемі – 2 беттен артық емес, шрифт 14, аралық - 1,5) оны 2014 жылғы 20 ақпанға дейін ұйымдастыру комитетіне жіберу қажет. Эсседе қатысушының жеке көзімен жазылған заманауи тәлімгер, оның моральдік және этикалық ажары, жұмыстағы және өмірдегі ұстанымы көрсетілуі керек. Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

*Бағалау өлшемдері:*

*мазмұнының өзектілігі және тәжірибелік маңызы;*

*тақырыптың толық ашылуы;*

*мазмұнының кративтілігі мен жаңашылдығы;*

*материалды рәсімдеуде шығармашылық тіл таба білуі.*

16. II айналым 6 кезеңнен тұрады:

1) «Біз топтық дарындылармыз!» атты педагогикалық жасақтың ресми карточкасы. Қатысушылар өздерінің шығармашылық презентациясы мен жасақ биінің бір үзіндісін дайындауы қажет. Берілетін уақыт - 5 минуттан артық емес, егер берілген уақыттан асып кетсе, онда ұпайлары алынылады.

*Бағалау өлшемдері:*

*идеяның ерекшелігі;*

*әр түрлі белсенді әдістердің қолданылуы;*

*әртістілігі;*

*атрибутиканың бар болуы.*

2) «Лагердің өмірінен бір күн» атты бейнеклип, қатысушылар өздерінің бейнеклипінің тұсаукесерін көрсету керек, берілетін уақыт - 5 минут.

*Бағалау өлшемдері:*

*Ән/дыбыс (ән, дыбыстың немесе дыбыстық файлдың бейнекадрларына қаншалықты сәйкестігі);*

*тұтастығы (сюжеттің немесе кейбір кадрлармен логикалық байланыстың болуы);*

*креативтілігі (бір өзіндігі, күтпеген жағдайы, сюжеттің ерекшелігі);*

*әсерлілігі (субъективті баға);*

*презентация жасай алуы.*

3) «Педагогикалық жағдаяттарды шешу» байқауы (рөлдік ойындар, сахналау). Қатысушылар балалардың жасы, мәселесі көрсетілген бір жағдаятты алады. Топтың міндеті - берілген жағдаятты сахнада ойнау және мәселені шешу жолдарын көрсету болып табылады.

*Бағалау өлшемдері:*

*жылдам шешім таба білуі;*

*педагогикалық әрекеттің мақсаттылығы;*

*өз рөлдерін ойнау барысындағы әрқайсысының әртістілігі.*

4) «Залмен ойын ойнау» байқауы. Жасақ залмен бірге бір ойынды ойнатуы қажет.

*Бағалау өлшемдері:*

*нақты мақсатты қоя білуі, мақсаттың орындалуы;*

*ойынға қатысуға негіздей білуі;*

*ойынның қатысушыларын ұйымдастыра білуі;*

*ойын барысында оның ережелерін нақты түсіндіре білуі;*

*сөз мәнері, педагогикалық техникасы, интонациясы, дыбысталуы;*

*ерекшелігі.*

5) «Тәлімгерлік жаз» (үздік көрме). Педагогикалық жасақтың қызметін көрсететін көрмеде мыналар болуы қажет: үлестірме материалдар, буклеттер, әдістемелік туындылар, педагогикалық жасақтың атрибутикасы, балалар мен жасөспірімдердің жазғы сауықтыру және демалуын ұйымдастыратын бағдарламалар; аңыздардың сандықшасы, ән жинағы, ойын техникасы; мәдени шаралардың сценарийілері, көрме жұмыстарында жасақ туралы, 2013 жылы жасақтың жазда атқарған жұмысы туралы ақпарат көрсетілуі керек - Times New Roman шрифпен, 14 кегльмен жазылған қағаз және электрондық нұсқасын ұсыну.

*Бағалау өлшемдері:*

*көрме материалдарын рәсімдеудегі идеяның креативтілігі, ерекшелігі;*

*көмкемдік талғамы, идеяның орындалу сапасы;*

*2013 жылғы жазғы маусымда педагогикалық жасақтың қызметінің нақтылығы;*

*Мазмұндылығы (балалар лагерінің, тәлімгерлік қызмет тақырыбының ашылуы, педагогикалық жасақ жұмысының ерекшелігі);*

*Көрме материалдарының тұтастығы (материалды орналастыру логикасы, жалпы композицияның қабылдануы).*

**б) Топтық ән мен тақырыптық сергітуді дайындау.**

17. II айналымда әрбір облыс делегациясының өзіндік бірінғай киім үлгісі мен төсбелгісі болғаны қажет.

18. Делегация жетекшісі қатысушылардың тұратын жерінен слет өтетін жерге дейінгі жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты мекеніне қайта жеткенше олардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты.

**4. Педагогикалық олимпиаданың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

19. Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздарын қазылар алқасы анықтайды. Қазылар алқасының құрамы жұмыс барысында ұйымдастыру комитетімен тағайындалып бекітіледі.

20. Педагогикалық олимпиадасының жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердің дипломдарымен, бағалы сыйлықтармен педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған республикалық слетте марапатталады. Қатысушылардың барлығына сертификаттар беріледі.

**5. Қаржыландыру**

21. Республикалық слетке (II тур) қатысушылар мен жетекшілердің жолда жүруі, тамақтануы және жатын орындарының шығыстарын төлеу жіберуші ұйымдардың қаражаты есебінен, слетті өткізу бойынша шығыстарды төлеу Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының есебінен жүзеге асырылады.

**Педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған республикалық слеттің аясында өтетін педагогикалық олимпиаданың ақтық кезеңіне қатысу**

**ӨТІНІМІ**

Облысы \_\_\_\_\_

**Қатысушылар туралы мәлімет**

р/с	Тегі, аты-жөні (толығымен)	Туған күні, айы, жылы, толық жасы	Оқу орны, мамандығы, курсы	Педагогикалық жасақтағы жұмыс өтілі	Электрондық поштасы, ұялы телефоны

**Жетекші туралы мәлімет**

<b>Тегі, аты-жөні</b>	<b>Педагогикалық жасақтың толық аталуы</b>	<b>Жұмыс орны, лауазымы</b>	<b>Байланыс телефоны, электрондық поштасы</b>

**Келу кестесі**

<b>Облыс/ қала</b>	<b>Делегация жетекшісі</b>	<b>Ұялы телефоны</b>	<b>Келу күні, сағаты</b>	<b>Поезд/ вагон нөмірі</b>	<b>Қайту күні, сағаты</b>	<b>Поезд/ вагон нөмірі</b>